

Bluetooth-адаптері DEXP AT-BT401

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес жасалған және әзірленген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ бұйымды дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың қауіпсіздігіне назар аударыңыз және құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Бұл бұйым ДК-ға Bluetooth-USB өткізгіші ретінде пайдалануға арналған.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Bluetooth өткізгішін компьютердің бос USB портына қосыңыз. Операциялық жүйе өткізгішті таниды және драйверлерді автоматты түрде орнатады. Егер драйверді автоматты түрде орнату сәтсіз болса, Интернеттен қажетті драйверді тауып, қолмен орнатыңыз.
2. Bluetooth құрылғыларын іздеу кезінде жарық диодты индикатор жыпылықтамай қызыл түспен жанып тұрады. Жұмыс режимінде жарық диоды қызыл болып жыпылықтайды.
3. Bluetooth БЖ арқылы сіз енді Bluetooth өткізгішін қолдана аласыз және басқа Bluetooth құрылғыларымен байланыс орната аласыз.
4. Жаңа Bluetooth құрылғыларын іздеуді бастаңыз. Бұл процесс қолданылатын операциялық жүйеге байланысты ерекшеленеді. Windows жүйесінде бұл функция экранның төменгі оң жақ бұрышындағы Bluetooth таңбасын оң жақ нұқу арқылы немесе басқару тақтасы арқылы шақырылады.

Ескертпе: күшті статикалық, электрлік немесе жоғары жиілікті өрістердің әсерінен (радио қондырғылардың, ұялы телефондардың, микротолқынды пештердің сәулеленуі) радио кедергілер пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда кедергі көздерінен қашықтықты арттыру керек.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: AT-BT401.
- Bluetooth 1.2, 2.0 нұсқаларымен кері үйлесімді.
- Қосылым түрі: USB.
- Bluetooth нұсқасы: 4.0.
- Максималды әрекет ету радиусы: 10 м.
- ОЖ үйлесімділігі: Windows / macOS / Linux.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Актуальный список сервисных центров по адресу:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: АТАТЭК Индастри Лимитед.

3F, A6 ғимараты, Интеллиджент Терминал өнеркәсіптік паркі, Силикон Вэлл Пауэр, ДаФу тас жолы, Гуаньлань, Жаңа Лунхуа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сипаттізімдер, бұйым туралы ақпарат, оның сыртқы түрі, конфигурациясы және функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.